

Ә.Ғ. Әскеев  
Р.А. Байжолова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: a.askeyev@gmail.com, baizholova\_55@mail.ru)

## Аумақтық даму бағдарламаларын іске асыру кезінде туризмді дамыту мақсаттарына қол жеткізу тиімділігін бағалау

**Аннотация.** Бұл мақала туризмді дамытудың нысаналы индикаторларына қол жеткізу тұрғысынан аумақтарды дамыту бағдарламаларын іске асырудың тиімділігін бағалауға арналған. Зерттеу процесінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін бағалау әдістемесі, сондай-ақ байқау, сипаттау, салыстырмалы, формальды-логикалық және танудың басқа да әдістері сияқты зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде 17 өңірдің аумақтарын дамытудың бекітілген бағдарламаларының деректері, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі Агенттіктің Ұлттық статистика бюросының «Қазақстан туризмі» статистикалық жылнамалары пайдаланылды. Бұл ретте аумақтарды дамыту бағдарламаларын іске асыру кезінде туризмді дамыту мақсаттарына қол жеткізудің тиімділігі мәселелерін зерделеуге арналған зерттеулер бойынша деректерді сұрыптауды, есептеуді және түсіндіруді авторлар дербес жүзеге асырды. Зерттеу нәтижелері бойынша нысаналы индикаторларға қол жеткізу коэффициенттерінің есебі жүргізілді, 14 облыстың және республикалық маңызы бар 2 қаланың және астананың аумақтарын дамыту бағдарламаларын іске асыру шеңберінде туризмді дамыту бойынша жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділік дәрежесі бағаланды, қолданыстағы әдістеменің кемшіліктері анықталды және оны жетілдіру бойынша ұсынымдар берілді. **Түйін сөздер:** туризм, тиімділік, мақсаттарға қол жеткізу, салыстырмалы талдау, аймақтық даму.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2022-2-23-34>

### Кіріспе

Туризм маңызды экспорттық салалардың бірі болып саналады [1, 2], ол соңғы онжылдықтарда байқалған экономикалық өсудің ұзақ кезеңінің себебі де, бенефициары да болды. Оның өсіп келе жатқан экономикалық және әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, стейкхолдерлер қазір саладағы өнімділікті не нәрсеге итермелейтінін анықтауға мүдделі. Тиімділікті арттыру дестинацияны

дамытудың стратегиялық жоспарларының сәтті болуына айтарлықтай ықпал етуі мүмкін. Осыған байланысты саланың жылдам өсуі өсіп келе жатқан әртараптандырумен және дестинациялар арасындағы (атап айтқанда, көршілес) бәсекелестікпен қатар жүреді [3, 4, 5, 6]. Интернеттің қарқынды өсуіне және ұсынылатын туристік өнімдер мен бағыттардың ауқымына байланысты тұтынушылардың азғыруы да өсті. Халықаралық сапарлардың азаюы және қауіпсіздікке қатысты кең таралған

алаңдаушылық сияқты жаһандық қаржы дағдарысынан туындаған одан әрі қиындықтар туристік бағыттарды туризм индустриясының тиімділігін жақсартуға көбірек көңіл бөлуге итермеледі [7].

### Зерттеу әдістері

Мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін бағалаудың қолданыстағы әдістемесіне [8] сәйкес «аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу» критерийін есептеу аумақты дамыту бағдарламасының тиісті бөлімінің негізінде мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$D = \frac{1}{m} \sum_{j=1}^m h_j \times 100,$$

онда:

D - аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу коэффициенті;

$h_j$  - тиісті мақсатқа қол жеткізуде көзделген әрбір нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті;

m - тиісті мақсатқа қол жеткізуде көзделген нысаналы индикаторлардың жалпы саны.

Тиісті мақсатқа қол жеткізуде көзделген әрбір нысаналы көрсеткішке қол жеткізу коэффициенті нақты көрсеткіштердің жоспарланған мәнге қатынасы ретінде есептеледі.

Бұл ретте:

егер  $h_j \geq 1$  болса, онда  $h_j = 1$ ,

егер  $h_j < 1$  болса, онда  $h_j =$  фактінің жоспарланған мәнге қатынасы;

егер  $h_j = 0$  болса, онда  $h_j = 0$ .

Егер жергілікті атқарушы органның аумақтық даму бағдарламасының нысаналы көрсеткіші жоспарлы мәннен нақты

### Кесте 1

Ішкі туризм объектілері (резиденттер) қызмет көрсететін келушілер санын ұлғайту жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

Өңірдің атауы/Нысаналы көрсеткіш, өткен жылға қарағанда % -бен	2020	2019	2018	2017	2016
Нұр-Сұлтан қ.	103,9	104	33,6	312	104
Алматы қ.	107	106	105	112	100,3
Түркістан (Оңтүстік Қазақстан)	113	110	107	111	107,7
Солтүстік Қазақстан	103	102,3	102	107,4	102,1
Павлодар	103	102	101	107	102
Маңғыстау	106	104	102	103	101,5
Қызылорда	101,2	101,2	100,3	106,2	113,1
Қостанай	104	103	102	104	102
Қарағанды	102	102	101	103,5	102
Батыс Қазақстан	101,3	101,2	101,1	102	101
Жамбыл	112	111	110	111	109
Шығыс Қазақстан	110	109,5	109	108,5	108
Атырау	105	104	103	105	103
Алматы	120	119	118	117	116
Ақтөбе	103	102	101	103	101
Ақмола	108	107	102	111	107

Ескертпе – [10-25] дереккөздерден алынған деректерді пайдалана отырып, авторлармен жасаған

көрсеткішті асыра орындау болып табылса, жоспарлы мәндерді асыра орындаудың әрбір тіркелген фактісі үшін 0,2 айыппұл баллдары шегеріледі [8].

Нақты көрсеткіштер Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы жариялаған тиісті жылдардағы «Қазақстан туризмі» статистикалық жинағының деректері негізінде есептелген.

Бағаланатын мемлекеттік орган тиімділігінің жоғары дәрежесіне 90-нан 100 балға дейін, орташа дәрежесіне – 70-тен 89,99 балға дейін, төмен дәрежесіне-50-ден 69,99 балға дейін баға сәйкес келеді. 50 баллдан төмен жинаған бағаланатын мемлекеттік органның қызметі тиімсіз болып саналады [8].

### Талқылау

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес [9] Өңірлік даму аумақтарды дамыту бағдарламаларына

(қазіргі уақытта – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларына) сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген бағдарламалық құжаттардағы туризмді дамытудың нысаналы көрсеткіштері [10-25] мыналар болып табылады:

- өткен жылмен салыстырғанда ішкі туризм объектілері (резиденттер) қызмет көрсететін келушілер санының артуы, %

- келу туризмін орналастыру объектілері (резидент еместер) қызмет көрсететін келушілер санының өткен жылмен салыстырғанда ұлғаюы, %

- өткен жылмен салыстырғанда төсек-күндер санының артуы, %.

Бұған Шымкент қ. [26] жатпайды, онда туризмді дамытудың нысаналы көрсеткіші ретінде Даму бағдарламасында жалғыз көрсеткіш – өткен жылмен салыстырғанда өңірде орналастырумен қызмет көрсетілетін келушілер санының ұлғаюы айқындалған (2019 жылы – 120%, 2020 жылы – 85%).

### Кесте 2

Келу туризмі үшін орналастыру орындары қызмет көрсететін келушілер санын ұлғайту жөніндегі нысаналы көрсеткіштер (резиденттер емес)

Өңірдің атауы/Нысаналы көрсеткіш, өткен жылға қарағанда % -бен	2020	2019	2018	2017	2016
Нұр-Сұлтан қ.	102,9	103	35	297	103
Алматы қ.	107	106	105	112	100,3
Түркістан (Оңтүстік Қазақстан)	110	108	105	108,6	105
Солтүстік Қазақстан	105	104,5	104	110	104
Павлодар	104	103	102	110	103
Маңғыстау	106	104	104	105	103
Қызылорда	102,6	102,6	101	140,3	140,2
Қостанай	103,4	103	104	106	104
Қарағанды	102	102	101	102,5	101
Батыс Қазақстан	101,8	101,6	101,8	101,3	100,6
Жамбыл	105	104,5	104	105	103
Шығыс Қазақстан	106	105,5	105	104,5	104
Атырау	105	104	103	105	102
Алматы	118	116	114	112	110
Ақтөбе	105	104,5	104	103,5	102
Ақмола	106	105	101	109	105

Ескертпе – [10-25] дереккөздерден алынған деректерді пайдалана отырып, авторлармен жасаған

Ұсынылған төсек-күндер санын ұлғайту бойынша нысаналы көрсеткіштер

Өңірдің атауы/Нысаналы көрсеткіш, өткен жылға қарағанда % -бен	2020	2019	2018	2017	2016
Нұр-Сұлтан қ.	102	102	31,6	328,8	102
Алматы қ.	107	106	105	112	100,3
Түркістан (Оңтүстік Қазақстан)	112	109	106	110	106
Солтүстік Қазақстан	106	105	104	110	108
Павлодар	104	103	102	110	102
Маңғыстау	106	105	104	106	103
Қызылорда	103	103,1	102,1	109,7	101,3
Қостанай	103	102,6	102	104	101
Қарағанды	102	102	101	103,5	102
Батыс Қазақстан	101	101	101	101,2	101
Жамбыл	103,5	103	102	103,5	102
Шығыс Қазақстан	107	106,5	106	105,5	105
Атырау	102	102	102	103	102
Алматы	109	108,5	108	107,5	107
Ақтөбе	105	104,5	104	103,5	102
Ақмола	107	106	102	110	108

Ескертпе – [10-25] дереккөздерден алынған деректерді пайдалана отырып, авторлармен жасаған

Осы мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін бағалау үшін бастапқы деректер 1-3 кестелерде келтірілген.

Жоғарыда көрсетілген нысаналы индикаторларды талдау нәтижелері бойынша 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде жалпы белгіленген мәндердің оң өсу серпіні байқалады. Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы, Атырау, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстарында 2020 жылдың жекелеген нысаналы индикаторларының мәні 2016 жылмен салыстырғанда өзгеріссіз қалғанын атап өту қажет. Бұл ретте Қызылорда облысы мен Нұр-Сұлтан қаласы үштен екі нысаналы индикаторы бойынша, Қостанай, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының бір индикатор бойынша 2016 жылмен салыстырғанда 2020 жылға қарай өсу қарқынының төмендегені анықталды.

Өңірлер бойынша туризм индустриясы үшін нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу коэффициенттері 4-6-кестелерде ұсынылған.

2019 жылғы «Қазақстан туризмі» статистикалық жинағында құпиялылығына байланысты Атырау, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстары бойынша ішкі туризм (резиденттер) және келу туризмі (резидент еместер) үшін орналастыру объектілері қызмет көрсететін келушілердің саны туралы нақты деректер ұсынылмағанын атап өткен жөн. Бұл факт алдыңғы жылдары және 2020 жылы олар көпшілікке қол жетімді болғандықтан таң қалдырады. Сонымен қатар, осы аймақтар үшін 2019 жылы орналастыру объектілері қызмет көрсететін келушілердің жалпы саны туралы мәліметтер бар.

4-кестеден көрініп тұрғандай, «ішкі туризм бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер (резиденттер) санын арттыру» нысаналы индикаторы бойынша бес жылдың нәтижесінде Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары көш бастап тұр, Нұр-Сұлтан қ. аутсайдерлар қатарында, қалған өңірлер олардың арасында орналасқан.

**Кесте 4**

Айыппұл балдарын ескере отырып, ішкі туризм бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер (резиденттер) санын арттыру бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу коэффициенттері

Өңірдің атауы / Мақсаттық көрсеткішке қол жеткізу коэффициенті	2020	2019	2018	2017	2016	Кезең ішіндегі орташа мәні
Нұр-Сұлтан қ.	0,5	0,8	0,8	0,4	0,9	0,7
Алматы қ.	0,7	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8
Түркістан (Оңтүстік Қазақстан)	х	х	0,5	0,8	0,8	0,7
Солтүстік Қазақстан	х	х	1,0	0,8	0,8	0,9
Павлодар	0,4	0,8	1,0	0,8	1,0	0,8
Маңғыстау	0,7	0,9	0,8	1,0	0,8	0,8
Қызылорда	0,7	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8
Қостанай	0,6	0,8	0,8	0,8	0,9	0,8
Қарағанды	0,6	0,8	1,0	0,8	0,9	0,8
Батыс Қазақстан	0,4	0,8	0,9	0,8	0,9	0,8
Жамбыл	0,6	0,8	0,8	1,0	0,9	0,8
Шығыс Қазақстан	0,5	1,0	0,8	1,0	1,0	0,9
Атырау	х	х	0,8	0,9	0,9	0,9
Алматы	0,5	0,9	1,0	0,8	0,8	0,8
Ақтөбе	0,6	1,0	0,8	0,8	1,0	0,8
Ақмола	0,6	0,8	1,0	1,0	0,8	0,8
Өңірлер бойынша орташа мәні	0,6	0,8	0,9	0,8	0,9	0,8

**Кесте 5**

Айыппұл балдарын ескере отырып, сырттан келушілер туризмі бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер санының (резиденттер емес) артуы бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу коэффициенттері

Өңірдің атауы / Мақсаттық көрсеткішке қол жеткізу коэффициенті	2020	2019	2018	2017	2016	Кезең ішіндегі орташа мәні
Нұр-Сұлтан қ.	0,3	0,8	0,8	0,5	0,8	0,6
Алматы қ.	0,2	0,8	1,0	1,0	1,0	0,8
Түркістан (Оңтүстік Қазақстан)	Х	х	0,3	0,8	0,8	0,6
Солтүстік Қазақстан	Х	х	0,8	0,8	0,8	0,8
Павлодар	0,3	0,8	1,0	0,8	0,7	0,7
Маңғыстау	0,3	0,8	1,0	1,0	0,6	0,7
Қызылорда	0,1	0,7	0,8	0,8	0,8	0,6
Қостанай	0,3	0,8	0,8	0,8	0,8	0,7
Қарағанды	0,3	1,0	0,9	0,8	0,8	0,8
Батыс Қазақстан	0,2	1,0	1,0	0,8	0,9	0,8
Жамбыл	0,3	0,8	0,8	1,0	0,8	0,7
Шығыс Қазақстан	0,2	1,0	0,8	1,0	1,0	0,8
Атырау	Х	х	0,8	0,9	0,8	0,8

Алматы	0,1	1,0	0,8	0,8	0,8	0,7
Ақтөбе	0,4	0,8	0,8	0,9	0,8	0,7
Ақмола	0,1	0,8	0,8	0,8	0,8	0,7
Өңірлер бойынша орташа мәні	0,2	0,9	0,8	0,8	0,8	0,7

5-кестеден көрініп тұрғандай, «сырттан келушілер туризмі бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер санының (резиденттер емес) артуы» нысаналы индикаторы бойынша бес жылдың нәтижелері бойынша 4 өңір: Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстары және Алматы қаласы көш бастап тұр, аутсайдерлер қатарында Қызылорда облысы және Нұр-Сұлтан қаласы.

6-кестеден көрініп тұрғандай, «ұсынылған төсек-тәулік санын ұлғайту» нысаналы индикаторы бойынша бес жыл нәтижесінде Батыс Қазақстан облысы көш бастап тұр, Түркістан облысы (ОҚО) және Нұр-Сұлтан қаласы аутсайдерлер қатарында.

## Нәтижелер

Жоғарыда көрсетілген нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу коэффициенттерінің негізінде 1-ші формула бойынша аумақтық даму бағдарламаларын іске асыру кезінде туризмді дамыту бойынша жергілікті атқарушы органдардың тиімділік дәрежесі есептелді, ол 7-кестеде ұсынылған.

## Қорытынды

Талдау нәтижелері бойынша мыналарды атап өтуге болады:

1) өңірлердің көпшілігі (17-нің 14-і) аумақтық даму бағдарламаларын іске асыру

## Кесте 6

Ұсынылған төсек-тәулік санын ұлғайту бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу коэффициенттері

Өңірдің атауы / Мақсаттық көрсеткішке қол жеткізу коэффициенті	2020	2019	2018	2017	2016	Кезең ішіндегі орташа мәні
Нұр-Сұлтан қ.	0,4	0,8	0,8	0,5	0,8	0,7
Алматы қ.	0,5	0,8	1,0	0,8	0,8	0,8
Түркістан (Оңтүстік Қазақстан)	0,4	0,8	0,5	0,8	0,8	0,7
Солтүстік Қазақстан	0,4	1,0	1,0	0,8	0,8	0,8
Павлодар	0,3	1,0	1,0	0,8	0,8	0,8
Маңғыстау	0,7	0,9	0,8	0,9	0,8	0,8
Қызылорда	0,6	0,8	0,9	0,8	0,8	0,8
Қостанай	0,5	1,0	0,8	0,8	0,9	0,8
Қарағанды	0,6	0,8	0,9	0,8	0,9	0,8
Батыс Қазақстан	0,7	0,8	1,0	1,0	1,0	0,9
Жамбыл	0,6	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8
Шығыс Қазақстан	0,4	1,0	0,8	0,9	1,0	0,8
Атырау	0,4	1,0	0,8	1,0	0,8	0,8
Алматы	0,5	0,9	1,0	0,8	0,8	0,8
Ақтөбе	0,4	1,0	0,8	1,0	0,8	0,8
Ақмола	0,6	0,8	0,8	1,0	0,9	0,8
Өңірлер бойынша орташа мәні	0,5	0,9	0,9	0,8	0,8	0,8

Кесте 7

Жергілікті атқарушы органдардың аумақтық даму бағдарламаларын іске асыру кезінде туризмді дамыту жөніндегі тиімділік дәрежесі

Өңірдің атауы / Мақсаттық көрсеткішке қол жеткізу коэффициенті	h1	h2	h3	Орташа мән	Тиімділік дәрежесі, баллмен	Сипаттамасы
Нұр-Сұлтан қ.	0,7	0,6	0,7	0,7	66,7	төмен
Алматы қ.	0,8	0,8	0,8	0,8	80,0	орташа
Шымкент қ.	-	-	-	0,9	90,0	жоғары
Түркістан (Оңтүстік Қазақстан)	0,7	0,6	0,7	0,7	66,7	төмен
Солтүстік Қазақстан	0,9	0,8	0,8	0,8	83,3	орташа
Павлодар	0,8	0,7	0,8	0,8	76,7	орташа
Маңғыстау	0,8	0,7	0,8	0,8	76,7	орташа
Қызылорда	0,8	0,6	0,8	0,7	73,3	орташа
Қостанай	0,8	0,7	0,8	0,8	76,7	орташа
Қарағанды	0,8	0,8	0,8	0,8	80,0	орташа
Батыс Қазақстан	0,8	0,8	0,9	0,8	83,3	орташа
Жамбыл	0,8	0,7	0,8	0,8	76,7	орташа
Шығыс Қазақстан	0,9	0,8	0,8	0,8	83,3	орташа
Атырау	0,9	0,8	0,8	0,8	83,3	орташа
Алматы	0,8	0,7	0,8	0,8	76,7	орташа
Ақтөбе	0,8	0,7	0,8	0,8	76,7	орташа
Ақмола	0,8	0,7	0,8	0,8	76,7	орташа

шеңберінде туризмді дамыту бойынша жергілікті атқарушы органдар тиімділігінің орташа дәрежесімен сипатталады;

2) туризмді дамыту үшін неғұрлым перспективалы өңірлердің бірі - Түркістан облысы мен Нұр-Сұлтан аутсайдерлер қатарында болды;

3) Шымкент қаласының жергілікті атқарушы органдары тиімділігінің жоғары дәрежесіне қарамастан, өңірді дамыту бағдарламасында туризмді дамытудың бір ғана көрсеткіші бар екенін атап өткен жөн. Ол үшін болжамды мәндер Шымкентке 2018 жылы Республикалық маңызы бар қала мәртебесін беруді ескере отырып, тек 2 жылға есептелген, бұл бақылаулардың жеткіліксіз санын көрсетеді. Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, алынған бағалау таяу кезеңдерде қайта тексеруді және нақтылауды талап етеді;

4) объективті факторлармен қатар белгіленген мақсаттардан едәуір асып кету немесе қол жеткізбеу (мысалы, 2020 жылғы көрсеткіштер үшін COVID-19 пандемиясының негізгі себебі болуы мүмкін) оларды болжаудағы проблемаларды да көрсетуі мүмкін. Атап айтқанда, мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін бағалау әдіснамасының болуына қарамастан, осы уақытқа дейін жергілікті атқарушы органдардың кейіннен қолдануы үшін нысаналы көрсеткіштердің болжамды мәндерін құру бойынша әдістемелік ұсынымдар жоқ;

5) көптеген байланысты салаларды қамтитын туристік қызметтің күрделілігін ескере отырып, оның тиімділігін бағалау үшін қолданыстағы көрсеткіштер саны жеткіліксіз. Сондай-ақ, оның әлеуметтік бағытын ескере отырып, оның тиімділігін бағалау кезінде, біздің ойымызша, тиісті көрсеткіштерді ескерген жөн.

### Әдебиеттер тізімі

1. Yong Y.W., Keng K.A., Leng T.L. A Delphi forecast for the Singapore tourism industry: future scenario and marketing implications // *International marketing review*. – 1993. – Vol. 20. - № 2. – P. 10-29.
2. Shahin A., Dabestani R. Correlation analysis of service quality gaps in a four-star hotel in Iran // *International business research*. – 2010. – Vol. 12. - № 3. – P. 22-35.
3. Ritchie J.R.B., Crouch G.I. *The competitive destination: a sustainable tourism perspective*. – Wallingford, UK: CABI, 2003. – 304 p.
4. Dwyer L., Kim C. Destination competitiveness: determinants and indicators // *Current issues in tourism*. – 2003. – Vol. 6. - № 5. – P. 369-414.
5. Enright M.J., Newton J. Determinants of tourism destination competitiveness in Asia Pacific: comprehensiveness and universality // *Journal of travel research*. – 2005. – Vol. 43. - № 4. – P. 339-350.
6. IBISWorld. Tour operators in the US. [Электрон. ресурс] – URL: <https://ibisworld.com/united-states/market-research-reports/tour-operators-industry/> (дата обращения: 01.10.2021).
7. Assaf A.G., Josiassen A. Identifying and ranking the determinants of tourism performance: a global investigation // *Journal of travel research*. – 2012. – Vol. 51. - № 4. – P. 388-399.
8. «Мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін бағалау бойынша әдістемені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 540 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 706 бірлескен бұйрығы. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
9. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
10. Ақмола облысының аумақтарын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Ақмола облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 5С-43-6 «шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
11. «Ақтөбе облысының аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы туралы» Ақтөбе облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 361 шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
12. «Алматы облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Алматы облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 51-288 шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
13. «Атырау облысының аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Атырау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 427-V шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
14. «Шығыс Қазақстан облысының аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 34/421-V шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
15. «Жамбыл облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасын бекіту туралы» Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 43-11 шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
16. «Батыс Қазақстан облысының аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 29-4 шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
17. «Қарағанды облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қарағанды облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 453 шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
18. «Қостанай облысының аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қостанай облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 474 шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
19. «Қызылорда облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 323 шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).



20. «Маңғыстау облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы туралы» Маңғыстау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 29/430 шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
21. «Павлодар облысының аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы туралы» Павлодар облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 398/46 шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
22. «Солтүстік Қазақстан облысының аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 40/2 шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
23. «Оңтүстік Қазақстан облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы туралы» Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 46/381-V шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
24. ««Алматы – 2020» даму бағдарламасын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 394 шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
25. «Астана қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 427/61-V шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).
26. «Шымкент қаласын дамытудың 2018-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Шымкент қаласы мәслихатының 2018 жылғы 26 қарашадағы № 41/328-6с шешімі. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.12.2021).

#### References

1. Yong Y.W., Keng K.A., Leng T.L. A Delphi forecast for the Singapore tourism industry: future scenario and marketing implications, *International marketing review*, 20, 10-29 (1993).
2. Shahin A., Dabestani R. Correlation analysis of service quality gaps in a four-star hotel in Iran, *International business research*, 3(12), 22-35 (2010).
3. Ritchie J.R.B., Crouch G.I. *The competitive destination: a sustainable tourism perspective* (Wallingford: CABI, 2003, 304 p.).
4. Dwyer L., Kim C. Destination competitiveness: determinants and indicators, *Current issues in tourism*, 6(5), 369-414 (2003).
5. Enright M. J., Newton J. Determinants of tourism destination competitiveness in Asia Pacific: comprehensiveness and universality, *Journal of travel research*, 4(43), 339-350 (2005).
6. IBISWorld. *Tour operators in the US*. [Electronic resource] - Available at: <https://ibisworld.com/united-states/market-research-reports/tour-operators-industry/> (accessed 01.10.2021).
7. Assaf A.G., Josiassen A. Identifying and ranking the determinants of tourism performance: a global investigation, *Journal of travel research*, 4(51), 388-399 (2012).
8. *«Maksattarga kol zhetkizu tiimdiligin bagalau bojnsha adistemeni bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Yltyk ekonomika ministrinin 2016 zhylygy 30 zheltoksandagy № 540 zhane Kazakstan Respublikasy Karzhy ministrinin 2016 zhylygy 30 zheltoksandagy № 706 birlesken byjrygy* [Joint Order of the Minister of National Economy of the Republic of Kazakhstan dated December 30, 2016 № 540 and the Minister of Finance of the Republic of Kazakhstan dated December 30, 2016 № 706 “On approval of the Methodology for assessing the effectiveness of achieving the objectives”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).
9. *«Kazakstan Respublikasyndagy memlekettik zhosparlau zhyjesin bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Ykimetinin 2017 zhylygy 29 karashadagy № 790 kaulysy* [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 29, 2017 № 790 “On approval of the State Planning System in the Republic of Kazakhstan”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).
10. *Akmola oblysynyn aumaktaryn damytudyn 2016-2020 zhyldarga amalghan bagdarlamasyн bekitu turaly» Akmola oblystyq maslihatynyn 2015 zhylygy 14 zheltoksandagy № 5S-43-6 «sheshimi* [Decision of the Akmola Region Maslikhat dated December 14, 2015 № 5S-43-6 “On Approval of the Territorial Development

Program of Akmola region for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

11. «Aktobe oblysynyn aumagyn damytudyn 2016-2020 zhyldarga arналған бағдарламасы туралы» Aktobe oblystyk maslihatynyn 2015 zhylygy 11 zheltoksandagy № 361 sheshimi [Decision of the Aktobe Region Maslikhat dated December 11, 2015 № 361 “On the Territorial Development Program of Aktobe region for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (accessed 15.12.2021).

12. «Almaty oblysynyn damytudyn 2016-2020 zhyldarga arналған бағдарламасын bekіtu туралы» Almaty oblystyk maslihatynyn 2015 zhylygy 14 zheltoksandagy № 51-288 sheshimi [Decision of the Almaty Region Maslikhat dated December 14, 2015 № 51-288 “On Approval of the Development Program of Almaty region for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

13. «Atyrau oblysynyn aumagyn damytudyn 2016-2020 zhyldarga arналған бағдарламасын bekіtu туралы» Atyrau oblystyk maslihatynyn 2015 zhylygy 14 zheltoksandagy № 427-V sheshimi [Decision of the Atyrau Region Maslikhat dated December 14, 2015 № 427-V “On Approval of the Territorial Development Program of Atyrau region for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

14. «Shygys Kazakstan oblysynyn aumagyn damytudyn 2016-2020 zhyldarga arналған бағдарламасын bekіtu туралы» Shygys Kazakstan oblystyk maslihatynyn 2015 zhylygy 9 zheltoksandagy № 34/421-V sheshimi [Decision of the East Kazakhstan Region Maslikhat dated December 9, 2015 № 34/421-V “On Approval of the Territorial Development Program of East Kazakhstan region for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

15. «Zhambyl oblysynyn 2016-2020 zhyldarga arналған даму бағдарламасын bekіtu туралы» Zhambyl oblystyk maslihatynyn 2015 zhylygy 14 zheltoksandagy № 43-11 sheshimi [Decision of the Zhambyl Region Maslikhat dated December 14, 2015 № 43-11 “On Approval of the Development Program of Zhambyl region for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

16. «Batys Kazakstan oblysynyn aumagyn damytudyn 2016-2020 zhyldarga arналған бағдарламасын bekіtu туралы» Batys Kazakstan oblystyk maslihatynyn 2015 zhylygy 9 zheltoksandagy № 29-4 sheshimi [Decision of the West Kazakhstan Region Maslikhat dated December 9, 2015 № 29-4 “On Approval of the Territorial Development Program of West Kazakhstan region for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

17. «Karagandy oblysynyn damytudyn 2016-2020 zhyldarga arналған бағдарламасын bekіtu туралы» Karagandy oblystyk maslihatynyn 2015 zhylygy 11 zheltoksandagy № 453 sheshimi [Decision of the Karaganda Region Maslikhat dated December 11, 2015 № 453 “On Approval of the Development Program of Karaganda region for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

18. «Kostanaj oblysynyn aumagyn damytudyn 2016-2020 zhyldarga arналған бағдарламасын bekіtu туралы» Kostanaj oblystyk maslihatynyn 2015 zhylygy 11 zheltoksandagy № 474 sheshimi [Decision of the Kostanay Region Maslikhat dated December 11, 2015 № 474 “On Approval of the Territorial Development Program of Kostanay region for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

19. «Kyzylorda oblysynyn damytudyn 2016-2020 zhyldarga arналған бағдарламасын bekіtu туралы» Kyzylorda oblystyk maslihatynyn 2015 zhylygy 10 zheltoksandagy № 323 sheshimi [Decision of the Kyzylorda Region Maslikhat dated December 10, 2015 № 323 “On Approval of the Development Program of Kyzylorda region for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

20. «Mangystau oblysynyn damytudyn 2016-2020 zhyldarga arналған бағдарламасы туралы» Mangystau oblystyk maslihatynyn 2015 zhylygy 10 zheltoksandagy № 29/430 sheshimi [Decision of the Mangystau Region Maslikhat dated December 10, 2015 № 29/430 “On the Development Program of Mangystau region for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

21. «Pavlodar oblysynyn aumagyn damytudyn 2016-2020 zhyldarga arналған бағдарламасы туралы» Pavlodar oblystyk maslihatynyn 2015 zhylygy 10 zheltoksandagy № 398/46 sheshimi [Decision of the Pavlodar Region Maslikhat dated December 10, 2015 № 398/46 “On the Territorial Development Program of Pavlodar region for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

22. «Soltystik Kazakstan oblysynyn aumagyn damytudyn 2016-2020 zhyldarga arналған бағдарламасын bekіtu туралы» Soltystik Kazakstan oblystyk maslihatynyn 2015 zhylygy 14 zheltoksandagy № 40/2 sheshimi [Decision of the North Kazakhstan Region Maslikhat dated December 14, 2015 № 40/2 “On Approval of the

Territorial Development Program of North Kazakhstan region for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

23. «Ontystik Kazakstan oblysyn damytudyn 2016-2020 zhyldarga arnalgan bagdarlamasy turaly» Ontystik Kazakstan oblysty maslihatynyn 2016 zhylygy 15 kantardagy № 46/381-V sheshimi [Decision of the South Kazakhstan Region Maslikhat dated January 15, 2016 № 46/381-V “On the Development Program of South Kazakhstan region for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

24. «Almaty – 2020» damu bagdarlamasy bekitu turaly» Almaty kalasy maslihatynyn 2015 zhylygy 10 zheltoksandagy № 394 sheshimi [Decision of the Almaty City Maslikhat dated December 10, 2015 № 394 On Approval of the Almaty-2020 Development Program]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

25. «Astana kalasynyn 2016-2020 zhyldarga arnalgan damu bagdarlamasy bekitu turaly» Astana kalasy maslihatynyn 2015 zhylygy 11 zheltoksandagy № 427/61-V sheshimi [Decision of the Astana City Maslikhat dated December 11, 2015 № 427/61-V “On Approval of the Astana city Development Program for 2016-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

26. «Shymkent kalasyn damytudyn 2018-2020 zhyldarga arnalgan bagdarlamasy bekitu turaly» Shymkent kalasy maslihatynyn 2018 zhylygy 26 karashadagy № 41/328-6s sheshimi [Decision of the Shymkent City Maslikhat dated November 26, 2018 № 41/328-6s “On Approval of the Shymkent city Development Program for 2018-2020”]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/> (Accessed: 15.12.2021).

**A.G. Askeyev, R.A. Baizholova**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Evaluation of the effectiveness of achieving the goals of tourism development in the implementation of territorial development programs**

**Abstract.** This article is devoted to assessing the effectiveness of the implementation of territorial development programs in terms of achieving the target indicators of tourism development. In the course of the study, the authors used the methodology of assessing the effectiveness of achieving the goals, approved by the authorized body for state planning, as well as such methods of research as observation, description, comparative, formal-logical and other methods of knowledge. As an information base of the study were used the data of the approved programs for the development of the territories of 17 regions, statistical yearbooks “Tourism of Kazakhstan” of the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms. At the same time, the authors sorted, calculated, and interpreted the data on the studies devoted to the study of the effectiveness of achieving the goals of tourism development in the implementation of territorial development programs. According to the results of the research, there were calculated the coefficients of achievement of the target indicators. Also, there was estimated the degree of efficiency of local executive bodies in tourism development within the framework of realization of the programs of territorial development of 14 regions and 2 cities of republican value and the capital. The article presents the drawbacks of the existing methodology were revealed and the recommendations for its improvement.

**Keywords:** tourism, efficiency, goal achievement, comparative analysis, regional development.

**А.Г. Аскеев, Р.А. Байжолова**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### **Оценка эффективности достижения целей развития туризма при реализации программ развития территорий**

**Аннотация.** Данная статья посвящена оценке эффективности реализации программ развития территорий с точки зрения достижения целевых индикаторов развития туризма. В процессе исследования была применена методика оценки эффективности достижения целей, утвержденная уполномоченным

органом по государственному планированию, а также такие методы исследования, как наблюдение, описание, сравнительный, формально-логический и другие методы познания. В качестве информационной базы исследования были использованы данные утвержденных программ развития территорий 17 регионов, статистические ежегодники «Туризм Казахстана» Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам. При этом сортировка, расчет и интерпретация данных по исследованиям, посвященным изучению вопросов эффективности достижения целей развития туризма при реализации программ развития территорий осуществлялись авторами самостоятельно. По результатам исследования произведен расчет коэффициентов достижения целевых индикаторов, оценена степень эффективности деятельности местных исполнительных органов по развитию туризма в рамках реализации программ развития территорий 14 областей и 2-х городов республиканского значения и столицы, выявлены недостатки существующей методики и даны рекомендации по ее совершенствованию.

**Ключевые слова:** туризм, эффективность, достижение целей, сравнительный анализ, региональное развитие.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Әскеев Ә.Г.** – корреспонденция үшін автор, э.ғ.м., 8D04106 «Аналитикалық экономика» білім бағдарламасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Байжолова Р.А.** – э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Askeyev A.G.** – **Corresponding author**, Master of Economics, Ph.D. student of the educational program 8D04106 «Analytical Economics», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Baizholova R.A.** – Doctor of Economic Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.